

2017 жылға арналған субсидиялауға жататын нақты өндірген, сатып алған, пайдаланған тұқымдардың шығындарын ішінара өтеуге үшін квоталарын белгілеу туралы

Мерзімі біткен

Қостанай облысы әкімдігінің 2017 жылғы 12 маусымдағы № 294 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 12 шілдеде № 7127 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Тұқым шаруашылығы туралы" 2003 жылғы 8 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-1-бабына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 4-2/664 бұйрығымен бекітілген Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау қағидаларының 15-тармағына сәйкес (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10190 болып тіркелген) Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мынадай квоталар:

1) алынып тасталды – Қостанай облысы әкімдігінің 14.09.2017 № 450 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

2) элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарының нақты сатып алған бірегей тұқымдарына жұмсалған шығындарды ішінара өтеуге осы қаулының 2 қосымшасына сәйкес;

3) элиталық тұқым өсіру шаруашылығы бір уақытта бірегей тұқым өндіруші болып табылған жағдайда, элиталық тұқым өсіру шаруашылықтардың егіске нақты пайдаланған өзі өндірген суперэлиталық тұқымдарына кеткен шығындарын ішінара өтеуге осы қаулының 3 қосымшасына сәйкес;

4) тұқым өсіру шаруашылықтарының және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің нақты сатып алған элиталық тұқымдарына жұмсалған шығындарын ішінара өтеуге осы қаулының 4 қосымшасына сәйкес;

5) тұқым шаруашылығы бір уақытта элиталық тұқым шаруашылығы болып табылған жағдайда, тұқым шаруашылықтардың егіске нақты пайдаланған өзі өндірген элиталық тұқымдарына кеткен шығындарын ішінара өтеуге осы қаулының 5 қосымшасына сәйкес белгіленсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді – Қостанай облысы әкімдігінің 14.09.2017 № 450 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Қостанай облысы әкімдігінің 2016 жылғы 31 тамыздағы № 409 " Субсидияланатын тұқымдардың нормалары мен сатып алынатын (пайдаланатын) шекті

бағаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6621 болып тіркелген, 2016 жылғы 29 қыркүйекте "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай
облысының әкімі

А. Мұхамбетов

Әкімдіктің
2017 жылғы 12 маусымдағы
№ 294 қаулысына 1-қосымша

Бірегей тұқым өндірушілердің бірегей тұқымдардың нақты өндірген көлемдеріне жұмсалған шығындарын ішінара өтеуге үшін квоталар

Ескерту.1-қосымша алынып тасталды – Қостанай облысы әкімдігінің 14.09.2017 № 450 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

Әкімдіктің
2017 жылғы 12 маусымдағы
№ 294 қаулысына 2-қосымша

Элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарының нақты сатып алған бірегей тұқымдарына жұмсалған шығындарды ішінара өтеуге үшін квоталар

№	Аттестатталған элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарының атауы	Бірегей тұқымдарының барлығы, тонна	сонын ішінде дақылдар бойынша, тонна				
			бидай	арпа	сұлу	асбұршақ	зығыр
1.	"Заречное" тәжірибе шаруашылығы "жауапкершілігі шектеулі серіктестігі"	1,0	-	-	-	1,0	-
2.	"Арқалық ауыл шаруашылық тәжірибе станциясы" жауапкерші	20,0	20,0	-	-	-	-

	лігі шектеулі серіктестігі					-	
3.	" Ак-Бидай-Агро " жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	92,0	92,0	-	-	-	-
4.	"Луговое" шаруашылық қожалығы	120,0	120,0				
	Барлығы	233,0	232,0	-	-	1,0	-

Әкімдіктің
2017 жылғы 12 маусымдағы
№ 294 қаулысына 3-қосымша

Элиталық тұқым шарушылығы бір уақытта бірегей тұқым өндіруші болып табылған жағдайда, элиталық тұқым шаруашылықтардың егіске нақты пайдаланған өзі өндірген бірегей тұқымдарына кеткен шығындарын ішінара өтеуге үшін квоталар

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – Қостанай облысы әкімдігінің 14.09.2017 № 450 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Аттестатталған суперэлиталық тұқымдарын өндірушінің атауы	Супер-элиталық тұқымдарының барлығы, тонна	сонын ішінде дақылдар бойынша, тонна				
			бидай	арпа	сұлы	бұршақ	зығыр
1	"Арқалық ауыл шаруашылық тәжірибе станциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	96,0	96,0	-	-	-	-
2	"Қарабалық ауыл шаруашылық тәжірибе станциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	344,0	293,1	43,7	-	-	7,2

	лігі шектеулі серіктестігі					-	
3	"Заречное" тәжірибе шаруашылығы " жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	1091,5	614,5	343,0	95,0	39,0	-
	Барлығы	1531,5	1003,6	386,7	95,0	39,0	7,2

Әкімдіктің
2017 жылғы 12 маусымдағы
№ 294 қаулысына 4-қосымша

Тұқым өсіру шаруашылықтарының және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің нақты сатып алған элиталық тұқымдарына жұмсалған шығындарын ішінара өтеуге үшін квоталар

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – Қостанай облысы әкімдігінің 14.09.2017 № 450 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Қала, аудандардың атауы	Элиталық тұқымдардың барлығы, тонна	1	2	3
1.	Алтынсарин	285,6			
2.	Амангелді	560,5			
3.	Әулікөл	1009,2			
4.	Жангелдин	60,0			
5.	Денисов	622,0			
6.	Жітіқара	924,0			
7.	Қамысты	897,0			
8.	Қарабалық	1338,8			
9.	Қарасу	1952,83			
10.	Қостанай	1752,9			
11.	Мендіқара	1809,7			
12.	Науырзым	709,0			
13.	Сарыкөл	601,4			
14.	Таран	179,03			
15.	Ұзынкөл	483,0			
16.	Федоров	1661,89			
17.	Арқалық қаласы	1354,0			

1.	"Арқалық а у ы л шаруашылы қ тәжірибе станциясы" жауапкерші л і г і шектеулі серіктестігі	222,5	222,5				
2.	"Қарабалық а у ы л шаруашылы ғы тәжірибе станциясы" жауапкерші л і г і шектеулі серіктестігі	437,1	436,8				0,3
3.	"Заречное" тәжірибе шаруашылы ғ ы " жауапкерші л і г і шектеулі серіктестігі	173	173				
	Барлығы	832,6	832,3				0,3